

"Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 256 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 16255 болып тіркелді

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде:

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Ашық валюталық позиция - банктің жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы талаптарының (міндеттемелерінің) банктің сол шетел валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы міндеттемелерінен (талаптарынан) асып кетуі.

Ұзын валюталық позиция – бұл талаптары (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасы) банктің сол шетел валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы міндеттемелерінен (міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің

жиынтық сомасынан) асып кететін жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы ашық валюталық позиция.

Қысқа валюталық позиция – бұл міндеттемелері (міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) банктің сол шетел валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы талаптарынан (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасынан) асып кететін жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдардағы ашық валюталық позиция.

Валюталық позициялар есебіне мөлшері валюталардың айырбастау бағамының (тазартылған бағалы металдар құнының) өзгеруімен анықталатын, теңгемен көрсетілген талаптар (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасы), міндеттемелер (міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) енгізіледі.

Мөлшері бір шетел валютасынан артық айырбастау бағамының өзгеруімен анықталатын, теңгемен көрсетілген талаптар (активтердің, шартты және ықтимал талаптардың жиынтық сомасы), міндеттемелер (міндеттемелердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің жиынтық сомасы) Нормативтердің 51-тармағында белгіленген ашық валюталық позицияның мейлінше төмен лимитін иеленетін шетел валютасындағы валюталық позициялар есебіне енгізіледі.

Әрбір шетел валютасы бойынша және әрбір тазартылған бағалы металл бойынша ашық валюталық позиция жеке есептеледі.

Жекелеген шет мемлекеттердің (шет мемлекеттер топтарының) валюталары (тазартылған бағалы металдары) бойынша ашық валюта позицияларын есептеу кезінде бірінші кезекте ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегергенде активтер шоттарында және банктің міндеттемелері шоттарында ашылған әрбір шетел валютасы (тазартылған бағалы металы) бойынша шоттар сальдосы есептеледі.

Одан кейін ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегергенде, шартты талаптар шоттарында және шартты міндеттемелер шоттарында ашылған осы шетел валютасы (тазартылған бағалы металы) бойынша шоттар сальдосы анықталады.

Міндеттемелерден (талаптардан) шетел валютасындағы (тазартылған бағалы металдағы) талаптардың (міндеттемелердің) асып кетуін көрсететін сальдо өзара жиынтықталады, ал алынған нәтиже банктің шетел валютасы (тазартылған бағалы металл) бойынша ашық позициясының мөлшерін және түрін анықтайды.

Шартты талаптар шоттарында және шартты міндеттемелер шоттарында ашылған жекелеген шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы туынды қаржы құралдары бойынша банктің ашық ұзын және (немесе) қысқа позициясы банктің меншікті капиталы мөлшерінің 30 (отыз) пайызынан аспайды.

Банктің ашық ұзын және (немесе) қысқа позициясын есептеу мақсаттары үшін туынды қаржы құралдарының тізбесіне банктер жасаған споты мәмілелері енгізілмейді.

Туынды қаржы құралдары бойынша банктің ашық ұзын және (немесе) қысқа позициясын есептеу мақсаттары үшін олар бойынша Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі қарсы агенті болып табылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, 2 (екі) күн және одан аз валюталау күнімен валюталық құралдармен айырбастау операциялары, 2 (екі) күн және одан аз валюталау күнімен валюталық своп операциялары, базалық активтері ұлттық валютадан тұрмайтын валюталық жұп болып табылатын туынды қаржы құралдары енгізілмейді.

Банктің валюталық нетто-позициясы банктің барлық шетел валюталары (тазартылған бағалы металдары) бойынша ұзын позицияларының жиынтық сомасы мен барлық шетел валюталары (тазартылған бағалы металдары) бойынша қысқа позицияларының жиынтық сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген талаптар және міндеттемелер осы талаптар және міндеттемелер көрсетілген (белгіленген) шетел валюталары бөлігіндегі валюта позициясы есебіне енгізіледі.

Мәмілені жасаған күн болып табылмайтын, болашақ валюталау күні бар валюталық операцияларды жүргізу кезінде осы сияқты валюталық операциялар осындай мәмілені жасаған күннен бастап валюталық позиция есебіне енгізіледі.

Активтер мен міндеттемелер мерзімдерін салыстыру Нормативтерге 9-қосымшаға сәйкес Активтер мен міндеттемелер мерзімдерін салыстыру кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Шетел және ұлттық валютадағы активтер мен міндеттемелер мерзімдерін салыстыру тиісінше Нормативтерге 11-қосымшаға сәйкес Шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер мерзімін салыстыру кестесіне және 12-қосымшаға сәйкес Ұлттық валютадағы активтер мен міндеттемелер мерзімдерін салыстыру кестесіне сәйкес жүргізіледі.";

53-тармақтың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (бұдан әрі – № 203 қаулы) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономиканың "басқа қаржы ұйымдары - коды 5", "мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар - коды 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар - коды 7" және "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар - коды 8" секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;"

54-тармақтың екінші бөлігінің үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, № 203 қаулыға сәйкес экономиканың "басқа қаржы ұйымдары - коды 5", "мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар - коды 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар - коды

7" және "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар - коды 8" секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы міндеттемелер;

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне мүшелігі туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар ретінде танылған Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, сондай-ақ Еуразиялық даму банкі алдындағы міндеттемелер;"

55-тармақтың екінші бөлігінің үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, № 203 қаулыға сәйкес экономиканың "басқа қаржы ұйымдары - коды 5", "мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар - коды 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар - коды 7" және "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар - коды 8" секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы міндеттемелер;

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне мүшелігі туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар ретінде танылған Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, сондай-ақ Еуразиялық даму банкі алдындағы міндеттемелер;"

2. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
_____ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 5 қаңтар